



EL JÁNE ELBASY

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛЫ ЭКОНОМИКА – БАТЫЛ ОЙДЫҢ ЖЕМІСІ



XXI ғасыр, әсіресе оның екінші онжылдығы әлемде аса жылдам оқиғалармен, күрт өзгерістермен, сонымен бірге қарама-қайшылықтармен басталды. Жылдамдықтың екпіні күшті болғаны соншалық, тіпті осыдан бірнеше жыл бұрын үйреншікті болған қағидалар бүгінге өлшем бола алмай қалды. Айталық, әлемде 2015 жылы басталған дағдарыс әлі де жалғасуда. Оның салқыны қазір басыла қойған жоқ. Тіпті, 2017 жылдың өзі буырқанған саяси оқиғаларға толы болды.

Алдымен бүгінгі айтпағымды өзімнің 2012 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Қазақстанның жаңару үдерісі немесе біз әлеуметтік бағдар-

ланған экономика ұғымын қалай түсінеміз?» атты мақаладан бастауды, осыған орай Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік оқиғаларға

қатысты көзқарасын атап көрсеткім келеді. Себебі бұл тұрғыда Мемлекет басшысының айтқан тұжырымдары көбіне-көп бүгінгі өмірмен сабақтасып жатқанын айтуға тиіспіз.

Иә, XXI ғасырда орын алған қарама-қайшылықтарға толы саяси оқиғалар бүгінге дейін тұтас ұрпақтың санасында қалыптасып, сіңісті болып кеткен ұғымдарға өзгеріс енгізе бастады. Ал біз осы өзгерістерді қабылдауға дайынбыз ба? Тәуелсіздіктің алғашқы 25 жылында біз қаншалықты өзгердік? Қандай қоғам құра алдық?

Оның басты құндылығы неде? Президент әрдайым осы сауалдарға тұшымды, байсалды жауап бере отырып, әлемдік жаһандану үдерісінің тым жылдам дамып келе жатқанын, ал ол біздің ойлау жүйеміз қабылдай қоймайтын талаптарды алға шығарғанын айрықша атап көрсетеді. Атап көрсетіп қоймай, барлығымызды немқеттіліктен, бойкүездіктен, масылдықтан, шалағайлықтан, үстірт іс-қимылдан сақтандырады.

Біз әркез Елбасының мемлекет дамуының әртүрлі дәуірінде айтқан сөздеріне уақыт өте келе

қайта оралып, оны бүгінгі күннің жағдайымен салыстырып, жаңа кезең тұрғысынан бағамдап келеміз. Осы арқылы Мемлекет басшысының белгілі бір кезеңде әрбір қазақстандыққа арналған сөзінің кейін уақыт өте келе өмір шындығына айналғанына көз жеткіземіз. Осы орайда Елбасының сонау бір тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдарында «Қазақстан әлеуметтік бағдарланған мемлекет» деген тұжырымды алғаш рет көпшілік назарына салғаны әлі жадымыздан шыға қойған жоқ. Мәселен, теория жүзінде Скандинавия елдері тұрмыстың әлеуметтік бағдарына бейімделген мемлекет ретінде аталғанымен, олардың табиғаты бұрынғы біздің ұғымымыздағы теңгерімшілікке негізделген қоғамның қатарына жатпайды.

Қысқасы, рынок дейтін қоғамдық қатынастар дәуірінде бұрынғы келмекке кеткен теңгерімшілік үрдісті қайта әкелудің қисыны және келіңкіремейді. Осыған қарамастан Қазақстан Президентінің мұндай батыл ой-тұжырымдарға баруының себебі неде? Біз кейін ілгері басқан қадамымызға тұсау болған, талай келеңсіздіктерді тудырған бірнеше әлемдік дағдарыс сәттерінде «әлеуметтік бағдарланған мемлекет» деген түсінікті ұмыта қоймағанымызбен, ол туралы ойымыз көмескі тарта бастады. Уақыт өте келе қиыншылықтар артта қалды. Ел еңсесін көтерді. Әлеуметтік бағдарламалардың сәтті жүзеге асырылуына, несін жасарамыз, шикізат рыногындағы қолайлы ахуалдың онды әсері болғаны да шындық. Алайда Қазақстан бюджетінде қалыптасқан онтайлы жағдайға бірнеше бағасының көтерілуі емес, сонымен қатар елдегі тұрақтылықтың, осының әсерінен шетелдерден тартылған инвестициялардың ықпалы болғанын, ал осы игілікті шаралардың басы-қасында Елбасының тікелей өзі жүргенін тағы да айтуымыз керек. Қазақстан сөйтіп, қиын асуларды игерді, күрделі кезеңдерден өтті. Еліміз үшін қолайлы кезең туды. Міне, осы сәтте Елбасы әлеуметтік бағдарланған мемлекет туралы тағы да батыл ой қозғады. Әрбір қазақстандықтың болашағы туралы жаңа уақыт туғызған тұжырымдамалық ойды біздің әрқайсымыздың санамызға қайта сіңіре бастады.

2-бет

КҮРІШ
КҮТІМІНЕ
КІРІСТІ

2



СУ
ТӨГІЛМЕС
ЖОРҒА

3



ЖҰМБАҒЫ
КӨП
ЖАУҒАРЛАР

4



SYNAQ



ҰБТ: НӘТИЖЕ БЫЛТЫРҒЫДАН ЖОҒАРЫ

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдәбекова облыста өткен Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы бойынша БАҚ өкілдеріне сұхбат берді.

Биыл облыстағы білім беру ұйымдарын 7113 түлек бітірсе, оның 4742-сі, яғни 66,6 проценті ҰБТ сынағына қатысып, бағын сынады. Мемлекеттік сынақ облыста 20, 21, 22 маусым күндері өткізілді. Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеудің форматы өзгерген жоқ. Яғни, талапкер 5 пән бойынша тестілеуден өтті. Оның 3-і міндетті, 2-і бейінді пән. Тестте жоғарыда аталған 5 пән бойынша 120 сұрақ берілді. Ең жоғары балл –140 болса, шекті балл 50 болып белгіленді. Айта кетейік, оның ішінде ұлттық университеттерге түсу үшін 65 баллдан жоғары болуы тиіс.

„ОБЛЫСТА ӨТКЕН ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА КЕЛСЕК, АЛҒАШҚЫ ОРЫНДА ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ, 90,9 БАЛЛ ЖИНАҒАН. ОНЫҢ ІШІНДЕ №4 ОБЛЫСТЫҚ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ ОРТАША 103,2 БАЛЛ, №10 БІЛІМ ИННОВАЦИЯ ЛИЦЕЙІ – 100,3 БАЛЛ, №9 БІЛІМ ИННОВАЦИЯ ЛИЦЕЙІ 95,5 БАЛЛ ЖИНАҒАН. АЛ АУДАНДАР АРАСЫНДА ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ КӨШ БАСТАП ТҮР. АЙТАЛЫҚ, БҰЛ АУДАННАН ҰБТ-ҒА 246 ОҚУШЫ ҚАТЫСЫП, ОРТАША – 87,4 БАЛДЫ ҚҰРАДЫ. ОДАН КЕЙІН АРАЛ ЖӘНЕ СЫРДАРІЯ АУДАНДАРЫ, ЯҒНИ АРАЛДАН 451 ОҚУШЫ ҚАТЫСЫП, ОРТАША 85,2 БАЛЛ БОЛСА, СЫРДАРІЯ АУДАНЫНАН 216 ОҚУШЫ ҚАТЫСЫП, 85,02 БАЛЛ ЖИНАҒАН.

Қармақшы ауданынан 458 оқушы қатысып, орташа балл – 83,6 болса, Қазалы ауданынан 555 оқушы 82,7 балл, Шиелі ауданынан 518 оқушы, орташа балл 81,4-ті құрады.

Жаңақорған ауданынан 524 оқушы қатысып, орташа 79,7 баллды көрсетті. Жалпы облыс бойынша орташа балл 86,1-ді құрады. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 3,7 балл жоғары.

ҰБТ-да ең жоғары балл 135 болды. Бұл нәтижеге Қазалы ауданы, №249 мектеп-лицейдің түлегі Рат Еркін Қазбекұлы және Қызылорда қаласынан №15 мектеп-лицей түлегі Жалғасбай Абылай Ерғешбайұлы қол жеткізді. Ал 1131 түлек 100 және одан жоғары балл жинаған болса, 113 түлек шекті деңгейден өте алмады. Айта кетейік, шекті деңгейден өте алмағандар үшін осы жылдың тамыз айында және 2019 жылдың қаңтар айында ҰБТ-ны ақылы негізде қайта тапсыруға мүмкіндік берілген. Сондай-ақ, ҰБТ қорытындысымен, 93 бітіруші апелляциялық комиссияға жүгінген. Олардың 19-ын жергілікті апелляциялық комиссия республикалық апелляциялық комиссияға жіберуге шешім қабылдаған. Нәтижесінде, оларға техникалық қателен 44 балл (Арал ауданы) және оқу сауаттылығы, математика, қазақ әдебиеті, химия, география пәндері бойынша 17 балл қосылған.

Облыста ҰБТ 9 тестілеу пунктінде әзірленген 107 аудиторияда өтті. Тестілеу пункттері алдын ала бекітілген ереже талаптарына сәйкес қажетті құралдармен толық жабдықталды. Елді мекендерден келетін талапкерлерге байланысты тасымалдау, тамақтандыру шаралары ұйымдастырылды. Олардың қатарында тестілеу пунктінен 50 шақырым қашық орналасқан елді мекен түлектері жатын орынмен қамтамасыз етілді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

№93
(19576)
26 МАУСЫМ,
СЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

«Қорқыт даласы» ноғай суретшісінің көзімен бейнеленіп, Сыр еліне жол тартты. Көркемсурет галереясында өткен «Қорқыт даласы» атты он күндік көрмені өткен сенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аралап көрді. Қызылорда қаласының 200 жылдығына тарту болған көрмені облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы Көркемсурет галереясы мен Q MED “Сана-Сезім” ЖШС ұйымдастырды.

Қылқалам ұшындағы «ҚОРҚЫТ ДАЛАСЫ»



Ел тарихында Ноғайлы заманы, Ноғай елі ерекше аталады. Сол замандағы «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды» жырларында екі ұлттың ортақ тарихы бар. Болмысы қазаққа жақын, бауырлас ноғайдың суретшісі Әлібек Қойлақаевтың сурет көрмесінен тарихи тұлғалардың өр рухын, қайсар бейнесін байқадық.

«Елдің иесі, жердің киесі» бар. Қылқалам шебері Сыр еліне аяқ басқанда алдымен Қорқыт ата кесенесіне арнайы барғанын айтты.

– Ондағы алған әсерімді сөзбен айттып жеткізе алмаймын. Түркі әлеміне ортақ абыз Қорқыт атаның бейнесін бұрын да салғанмын. Ал бұл сапарымда данагөйдің болмысын жақынырақ тани түстім, ой жинақтадым. Байқағандарыңыздай, менің шығармашылық тақырыбым – түркі әлемі. «Едіге», «Жанқожа батыр», «Алтын Адам», «Сүйімікке», «Шыңғыс хан», «Хан Ноғайдың» бейнелері сондай шығармашылық ізденістен туған. Әрбір ұлт өз тұлғарының тани түсуге ұмтылады. Ал біздің өткеніміз қазақ халқымен байланысты, – дейді ол.

Әлібек Баймұратұлы – суретшілігімен қатар сәнді киімдердің дизайнері, кітап иллюстраторы және де ноғай ұлтының Қазақстандағы ресми өкілі. Оның сурет салудағы ерекшелігі – туындыларын қауырсынмен, тушыпен бейнелеуі. Көрме аясында ол қаламыздың жас суретшілерімен галереяның ИЗО студиясында шеберлік сағаттарын өткізген.

Өнер туындыларын тамашалаған аймақ басшысы суретшінің еңбегін жоғары бағалап, сый-сияпат көрсетті. Әлібек Қойлақаев Сыр еліне сапар аясында танып-білген тарихи тұлғалар мен оқиғаларды қылқалам ұшында сөйлететінін айтты, «Қорқыт ата» суретін естелікке ұсынды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

МЕРЕІ

ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТ

Өткен сенбіде облыс активі облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Өмірхан Пашкеновті құрметті еңбек демалысына шығарып салды. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев оның саланы дамытудағы сүбелі еңбегіне тоқталды.



Өмірхан Пашкенов еңбек жолын Ақтөбе облысында агроном ретінде бастап, Шиелі ауданында колхоз бригадирі, бас агроном, колхоз төрағасының орынбасары, аудандық мемлекеттік тұқым инспекциясының, ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы дәрежесіне дейін көтерілді. Соңғы 15 жылдан бері облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында жұмыс істесе, соның 8 жылында басқарма басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

– Ол 40 жылдан астам уақыт бойы тек мамандығы бойынша еңбек етті. Білікті маман ретінде өндіріске жаңа технология тарту бағытында шеберлік танытты. Өңірдің ауыл шаруашылығы құрылымдарының алдында зор абыройға ие. Өндірістің ыстығына күйіп, суығына тоңып, саланың өзекті проблемаларын шешуде білімі мен тәжірибесін аяған емес, – деді облыс әкімі.

Өмірхан Пашкенов алдағы уақытта да бұл саладан қол үзбейді. Оған басқарма басшысының кеңесшісі қызметі сеніп тапсырылып отыр. Аймақ басшысы тәжірибелі маманға жергілікті атқарушы органдардағы жемісті еңбегі үшін алғыс білдіріп, Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыс етіп, иығына шапан жапты.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

PREZIDENT



ТЕЛЕФОН
АРҚЫЛЫ
СӨЙЛЕСТІ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев Режеп Ердоғанды Түркия Республикасының Президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтады.

Нұрсұлтан Назарбаев Режеп Ердоғанның осы сайлаудағы жеңісі түрік халқының оның жүргізіп отырған саясатына қолдау көрсеткенінің айқын дәлелі екенін атап өтті.

Режеп Ердоған Қазақстан Президентіне ризашылық білдіре отырып, сайлаудың демократия қағидаттарына сай, халықтың жаппай қатысуымен өткенін айтты.

Сондай-ақ, Мемлекеттер басшылары бауырлас екі ел арасындағы сындарлы диалогты одан әрі тереңдету мәселелерін талқылады.

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛЫ ЭКОНОМИКА –
БАТЫЛ ОЙДЫҢ ЖЕМІСІ

1-бет

Алайда, Президенттің әрдайым өзі атап көрсетіп жүргеніндей, саясатта, экономикада әлеуметтік бағдар ұстану масылдық пиғылмен ұштаспауы тиіс. «Мемлекеттің стратегиясы әлеуметтік қорғаудан әлеуметтік прогреске бағытпен құрылады. Бұл масылдыққа жол жоқ дегенді білдіреді. Тек осындай жағдайда ғана Қазақстан қоғамы патернализм инерциясын жеңе алады» деп атап көрсетті Мемлекет басшысы. «Патернализм» (латын) – үлкеннің кішіні, яғни ағаның ініні, халықаралық жағдайда үлкен мемлекеттердің әлсіз мемлекеттерді қамқорлыққа алу ұғымын білдіреді. Ал, шындығында, кейде саясатта мұндай қамқорлықтың астарында небір қитұрқы, жымсым әрекеттердің жататынын да жасыруға болмайды. Қамқорсу арқылы сол мемлекеттердің ішкі ісіне араласу, одан әрісі тәуелсіздігіне қол сұғудың ауылы да алыс емес екенін әрдайым есімізде ұстауымыз қажет. Егер біз Президенттің астарлы сөзіне терең үңілсек, осы ойды аңғарар едік. Бүгінгідей жаппай жанкешті бәсекеге ұласқан жаһандану дәуірінде сыртқы әлемнен оқшауланбай, сонымен бірге саналы еңбек арқылы тәуелсіздігімізді нығайту әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы болып табылады. Президент астарлы оймен бізге осыны түсіндіреді. Жаңаша ойлау жүйесімен өмір сүруіміздің қажеттілігін алға тартады.

Экономика заңдылығы да жалпы жаратылыс заңы секілді егер өз орнына дұрыс пайдаланбаса, ол да мейірімсіздік танытады. Сол сияқты біз де экономика заңдылығына бағынбай, өз санамызда субсидиялауға сүйенген өмір сүру

ЭКОНОМИКАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЫНЫҢ ІРГЕТАСЫН
ПРЕЗИДЕНТ НАҚТЫ ІСТЕРМЕН ҚАЛАП КЕЛЕДІ. СӨЗІМІЗ
ДӘЛЕЛДІ БОЛУҮШІН ЕЛІМІЗДЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ САПАЛЫ АУЫЗСУ
ЖЕТКІЗУ, ЭЛЕКТР ҚОНДЫРҒЫЛАРЫН, БАЙЛАНЫС, ЖОЛ ИНФРА-
ҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢАРТУ, ТІПТІ ӘРКІМНІҢ ЖЕКЕ МЕНШІГІНДЕГІ
ҚОПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ
ӨЗІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ, ЖАЙ ҚОЛДАУ ЕМЕС, БЮДЖЕТТІК
СУБСИДИЯЛАУ АРҚЫЛЫ ҚОЛДАУДЫҢ КЕРЕМЕТ. ТІПТІ ӘЛЕМДЕ
СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ҮЛГІСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ОСЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ
ҚАЗАҚСТАНДЫ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАНҒАН МЕМЛЕКЕТ ДЕП АТАУҒА
ТОЛЫҚ НЕГІЗ ҚАЛАЙДЫ.

дағдысын қалыптастырып, бұл келеңсіздікті бойымызға сіңіріп алсақ, одан өткен қауіпті ештеңе болмайды. Елбасы әрдайым осыдан сақтандырады, Қазақстан жағдайында біздің әрқайсымыздың төл міндетімізді айқындап береді. Ал өкінішке орай, бізде, яғни экономикада еңбектің үлгісін танытып, масылдықтан арылу орнына жалпыға бірдей жалқаулық, керенаулық үрдісі үйреншікті әдетке айналып барады. Мен бұл тұрғыда маңызды деген әлеуметтік салада, айталық ауыз су қызметі жүйесіндегі, басқа салалардағы субсидиялаудың ақылға келмейтін деңгейге жеткенін айтқым келеді. Осының өзінде тиісті қызметке ақы төлегіміз келмейді. Айтпақшы, субсидиялаудың барлығы мұнай бағасының тым көтеріңкі кезінде болғанын және ондай оңтайлы құбылыстың әрдайым қайталану бермейтінін ескергеніміз абзал. Ал әлеуметтік бағдарланған елде мемлекеттік қолдау деген ұғым жоғарыда айтылғандармен мүлдем үйлеспейді.

Нұрсұлтан Әбішұлы эволюциялық қағидатқа қатысты: «Шқандай да алға озу» болмауы тиіс. Әлеуметтік саладағы

барлық өзгерістер даму деңгейімен, Қазақстан экономикасының мүмкіндіктеріне сәйкесуі тиіс», деп атап көрсеткенін жоғарыда айтылғандармен сабақтастыруға болады. Оның нақты мысалын бүгінгі еуроаймақ елдерінде болып жатқан дағдарыс, дефолт жағдайларымен байланыстырамыз. Нақты табысқа сәйкес өмір сүре алмай ұдайы сән-салтанатқа, үлде мен бұлдеге оранып жүру экономикада қарама-қайшылықтар тудырады, дағдарысқа, оның соңы қарызға әкеліп соқтырады. Қазақша айтқанда, табысыңды ескермей, алдын-ала қарызға бату неге әкеліп соқтыратынын өркім біледі ғой деп ойлаймын. Айтпақшы, Елбасы бұл тұрғыда сонау 2007 жылы да еске салған болатын. Ұмытпасам, ол экономиканың өсімі мен инфляция өсімін үйлестіру қажеттігін ескертті. Егер экономика өсімі үздіксіз үдей түссе, оның соңы инфляцияның шарықтауына ықпал жасайды. Қазақстанда 2007 жылы тұрғын үй құрылысы жаппай салына бастағанда құрылыс материалдарының бағасы есепсіз көтерілгені жұртшылықтың есінде болар. Ол кезде әлемдегі мұнай баға-

сының күрт көтерілуі бюджетте артық ақшаның болуына ықпал жасады. Ал екінші дәрежелі банктер шетелден келген арзан несиеңі сұраусыз қардай боратты. Ақыр соңында дағдарыс орын алып, күллі банк жүйесі қиындыққа ұрынды. Осы орайда Елбасының әлеуметтік қолдаудың мемлекеттің өмір сүру деңгейіне орай жасалатынын ескерту әлемдегі бүгінгі өмір шындығынан туып отырған жағдайға байланысты айтылған тұжырымдар болып саналады.

Біз, Қазақстан 2017 жылды несін жасырамыз, күрделі жағдайда қорытындыладық. Иә, аздаған өсім бар. 2017 жылы ішкі жалпы өнім елімізде 4,2 % өсті. Мемлекет бүкіл қаржы ресурсын «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жобаларға жұмсады. Тіпті, Ұлттық қордан да бұл бағытта қаржы бөлінуде. Әзірге мұнай бағасы Қазақстан үшін қолайлы болып тұр. Күні кеше ғана Ресей президенті Сауд Арабиясы ханзадасының Мәскеуге футбол біріншілігіне келуін пайдаланып, қысқа ғана кездесу өткізді. ОПЕК (мұнай экспорттаушы елдер ұйымы) бұл орайда мұнайы көп Ресеймен мәмілеге келіп, оның көлемін біршама ұлғайтуға ниет білдірді. Қашағанның мүмкіндігін ескерсек, бұл Қазақстанға қолайлы. Баға тұрақтанды, енді аздап өндіру көлемін ұлғайтуға болады.

Дегенмен Мемлекет басшысы бұл тұрғыда бізге кез келген тосын қауіп-қауіптерге дайын болуымызды ескертеді. Сақтандырады, жинақы, ұқыпты болуымызды талап етеді.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы».

ЖАСАМПАЗДЫҚҚА
ҚҰШТАРЛЫҚ

Құрылыс – экономикамызға жаңа серпін беретін маңызды сала. Құрылысшылардың ерен еңбегінің арқасында ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, небір зәулім ғимараттар бой көтеруде.



Кейінгі жылдары бүкіл республика бойынша, оның ішінде Сыр өңірінде құрылыс саласы қарқын алуда. Өңіріміздің сәулеттік келбетіне заманауи көрік беріп отырған сәнді де жайлы құрылыстар қалың жұртшылыққа қуаныш сыйлап, әрі аймақ дәулетінің еселеп өсуіне серпін береді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізуді міндеттеп отыр.

Сонымен бірге, халық үшін тұрғын үйге қолжетімділікті арттыруда «Нұрлы жер» бағдарламасы іске асырылуда.

ӘЗІРЛЕНГЕН ЖОБАҒА
СӘЙКЕС СОЛ ЖАҒАЛАУДАҒЫ
АУМАҚ

15
АУДАННАН ТҰРАДЫ.

Қазіргі уақытта облыс орталығының сол жағалауын игеру жұмыстары жүргізілуде.

Сол жағалаудағы жаңа қала – бұл 1532 гектарды құрайтын аумақ, оның 367 гектары рекреациялық аймақтарды құруға, қалған бөлігі тұрғын үйлер, сауда және офистік ғимараттар, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері құрылысына арналған.

Бүгінгі күні аумағы 23,1 гектарды құрайтын аймақта 5 қабатты 18 тұрғын үйдің 320 орындық балабақшаның, жастар орталығы мен «Болашақ» университеті ғимаратының құрылыстары қарқынды жүргізілуде.

Сонымен қатар сол жағалауда Қазақ Орталық Атқару Комитеті ғимаратының үлгісінде салынған мұражай бой көтерді. Қазақ Орталық Атқару комитетінің (ҚазАТК) тарихи ғимаратында музеймен бірге Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан туындайтын міндеттерді, жүзеге асыратын «Рухани жаңғыру» орталығы орналасатын болады. Бұл облыстың тарихын айшықтайтын бірегей құрылыс болмақ.

Биыл 2 шағын аудан бой көтеріп, 16 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы басталмақ. Сонымен қатар, 2018-2020 жылдары сол жағалаудағы аумақта қосымша 100 адамға кеңес беретін емханасы бар 300 тесектік көпсалалы аурухана, неке сарайы, 900 орындық мектеп, 320 орындық балабақша, ойын-сауық кешені, 7,6 шақырымды құрайтын дамы-жол, отбасылық медициналық орталық, «Шіркөйлі» каналының үстімен салынатын көпір мен басқа да объектілердің құрылысын бастау көзделуде.

Құрылыс – бұл жай ғана мамандық емес, бұл жасампаздыққа құштарлық.

Облыс әкімінің бастамасымен, құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы Астананың 20 және Қызылорда қаласының 200 жылдығы мерейтойлары аясында Сыр елінде еңбек адамының, жұмысшы мамандықтарының, оның ішінде құрылысшы беделін жоғарылату және танымал ету, жоғары білікті еңбектің насихаттау және тәжірибе алмасу мақсатында «Үздік қалаушы» және «Үздік сылақшы» номинациялары бойынша республикалық конкурстар өткізілді. Конкурста еліміздің өңірлерінен мықты деген беткеуестар мамандары қатысып, бақ сынасты. Қалаушы мен сылақшы құрылыс ішіндегі базалық мамандықтар. Аталған жұмыстардың сапасына объектінің соңғы көрінісі байланысты болады.

Осы орындалып жатқан жұмыстардың мақсаты – халыққа қолжетімді, заманауи технологияларды қолдану арқылы салынған ыңғайлы әрі әдемі тұрғын үйлер, әлеуметтік нысандар тарту ету. Бұл орайда Қызылорда өңірі көш басынан көрінуде.

М.ӘЛСЕРІКОВ,
облыстық құрылыс,
сәулет және қала құрылысы
басқармасының басшысы.

EGINJAI – 2018

Биыл Сырда көктем кеш шықты. Соған қарамастан ауыл еңбеккерлері қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, маусымды нәтижелі аяқтауда. Биылғы егіс көлемі 177,1 мың гектар алқапқа мейжеленген болатын. Өткен күнде шаруашылық құрылымдары 3236 гектар күздік бидай егуді, 55,8 гектарға сүдігер айдауды қамтамасыз етті. Бүгінгі күні облыста дақылдарды егу жұмыстары толығымен аяқталып, барлық дақыл түрлері бойынша мейжеленген егіс көлемі артығымен орындалды. Көкөніс-бақша да толығымен орналастырылуда. Құрш көлемі 87267 гектарға жеткізіліп, меже 107,7 процентке орындалды. Қазір егіс алқаптары толығымен суға бастырылды.



КҮРІШ
КҮТІМІНЕ
КІРІСТІ

Өнім сапасы тұқымына байланысты екені бесенеден белгілі. Бұл орайда қажетті 22695 тонна күріш тұқымы дайындалған еді. Дайындалған өнімнің 1917 тоннасы – «Маржан», 5039 тоннасы – «Янтарь», 14586 тоннасы – «Лидер» және қалғандары басқа сұрыптарды құрады. Танапқа түскен тұқымның тең жартысына жуығы элиталық және бірінші репродукциялы өнім болып табылады. Шаруашылықтарда күріш тұқымы толығымен себу дәрежесіне жеткізілген болатын.

Ендігі жұмыс егінді күтіп-баптау. Бұл орайда егіске қажетті минералды тыңайтқыштың көлемі 54,2 мың тоннаны құрап, оның 90%-ке жуығы алынды. Сонымен бірге шаруашылықтарға 60 мың литрден астам гербицид дайындалды.

Науқанда сала техникамен қамтамасыз етіліп, көктемгі дала жұмыстарына бөлінген 14 мың тонна арзандатылған дизель отын мезгілінде жеткізіліп берілді. Сонымен бірге облыс шаруашылықтарының техникалық паркі «Қазароқаржы» АҚ арқылы 61 жаңа техникамен толықталы отыр.

Биыл су мөлшерінің жылдағыдан аз болатыны ескеріліп, сала еңбек-

керлерін тиянақты жұмыс істеуге жұмылдырды. Соның нәтижесінде су тапшылығын есгеруге қол жетті. Ауыл шаруашылығы дақылдарының тұрақты суару көлемі 4,2 млрд текше метр болып бекітілген еді. Соңғы деректер бойынша «Шардара» су қоймасына жоғарыдан секундына 440 текше метр су түсуде. Ал қоймадағы су көлемі 3,7 млрд текше метрді құрап, төменге секундына 300 текше метр су тасталуда. Сондай-ақ, «Көксарайда» дарияға секундына 300 текше метр су түсіп тұр. Бүгінгі күні «Шардара» мен «Көксарайда» барлығы 4,6 млрд текше метр су жиналып, ол өткен жыл кезеңімен салыстырғанда 1233 млн текше метрге кем болып отыр. Қазір облыс территориясына жоғарыдан барлығы 595 текше метр су түсіп, оның 451,7 текше метрі шаруашылықтардың егістік каналдарына жіберіліп жатыр.

Осылай диқандарды мазалаған су мәселесі аймақта өз шешімін тауып, егістік алқап толық қамтамасыз етілді. Мұның өзі дала еңбеккерлерінің алдағы мол өнім жолындағы жұмыстарына негіз қаламақ.

Ж.ӘБІШОВ.

«TSIFRLYQ QAZAQSTAN»

БІЗ
БОЛАШАҚҚА
СЕНЕМІЗ

«Цифрлық технология» ХХІ ғасырда адам өміріндегі орасан өзгерістерге жол ашты. Қазіргі таңда газет бетін ашсаңыз да, теледидарды қоссаңыз да осы тақырып аясында әңгіме өрбіп жатқанын байқайсыз. Ақпарат құралдары жарғақ құлағы жастыққа тимей бекерден-бекер жар салып жатқан жоқ. Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстанның алдында үлкен міндет тұр.

«Цифрлық Қазақстан»

Бағдарламасы негізгі 4 бағыт бойынша жұмыстар жүргізеді. Бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстандағы өмір сапасын арттыру, халықтың әлауқатын жақсарту, ұлттық экономиканы цифрландыру. Аталған төрт басым бағыттың алғашқысы экономика салаларын цифрландыру, цифрлық мемлекетке өту және «Цифрлық Жібек жолын» дамыту арқылы экономика мен халықтың тұрмыс сапасын жақсарту қарқынын айтарлықтай үдету, ауыл аймақтарды интернет желісімен толықтай қамтамасыз ету болмақ.

«Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» интернеттің дәурені жүріп тұр. Ақпараттық-коммуникативті дамытудың ғаламдық индексінің мәліметтеріне қарасақ, Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде компьютер мен қаламторға қолжетімділіктен көш бастап келеді. Оның дәлелі ел тұрғындарының 75 проценті ғаламтордың белсенді қолданушылары болып саналады. Компьютерді сауатты меңгерген тұрғындар жылдан-

жылға көбейіп келеді. Егер 2010 жылы ел тұрғындарының 43,7 проценті компьютер пайдалануға қабілеті жеткен болса, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 76,2 процентті құрайды. Жанқалтаңдағы жан серігіңе айналған телефонның ішінен өзіңе қажеттінің бәрін де табасың. Мобильді қосымшаларды жүктеу арқылы жұмысыңды жеңілдетесіз. Үйде отырып қажетті құжаттарыңызды аласыз, бұрынғыдай терезе жағалаудың машақаты тез арада жойылды. Тіпті, үйде отырып жұмыс істеп, айлық табатындар да төбе көрсете бастады.

Сонымен қатар ұялы телефон платформасы үшін интернет жобалар әзірлейтін «KAZNET Media» қосымшасы, бағдарламалық қамсыздандырудың «Columbus» жеткізушісі, «ARTA» корпоративті платформа өндірушісі, «OTTO Kazakhstan», «Арена S», «Белый ветер KZ», «Технодом оператор» аталатын интернет дүкендері де жоғары танымалдылыққа ие болып келеді.

Сондай-ақ, қазір көлігіңіз болмаса, диттеген жеріңізге жету қиындық тудырмайды. Мобильді

қосымшада «Яндекс такси» деп аталатын қосымшаны жүктеп алсаңыз болғаны.

Әрине, мұның барлығы күнделікті тұрмыс түйткілі. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл бағдарлама экономиканы ілгерілетуге қалай қызмет етіп келеді, мәселе осында. Өткен жылы Елбасымыз цифрландыру бойынша өткен республикалық кенесте «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының экономикалық әсері байқалмай отырғаны жөнінде айтты. Президент сол кеңесте цифрландыруды экономикалық өсімге қол жеткізудің құралы екенін атап өтті.

Яғни, цифрландыру жалпы ішкі өнімнің өсімін көтеруге қол жеткізуге тиіс. Бұл үшін біздің елімізде әлі алға қойған міндеттер баршылық.

Біз, жастар, болашағымыздың жарқын екеніне сенеміз. Осы жарқын болашақ жолына қандай үлес қоса аламыз, біздің ойымыздағы өзек осы.

Маржан ӘШІРАПБАЕВА,
Қорқыт ата атындағы
ҚМУ студенті.

ЖОБА		«Бір гектар үшін қамтамасыз етудің мөлшерін айқындау туралы» Қызылорда облысы әкімдігі қаулысының жобасына	
		ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА	
№	Түсіндірме жазбада көрсетілген тіпті мәліметтердің тізбесі	Әзірлеуші-мемлекеттік органның ақпараты	
1.	Жобаны әзірлеуші-мемлекеттік органның	«Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі	
2.	Тіпті занамааның нормаларына сәйкесіміз бар жобаны қабылдауға негіздеме	«Жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қо- десінің 274 бабынан нормалары	
3.	Жобаны қабылдау қажеттілігінің негіздемесі (нақты мақсаттар, болжамды тиімділігі және құллетіні нәтижелері)	Жобаны қабылдаған жағдайда бір гектар үшін қамтамасыз ету көлемі айқындалады.	
4.	Жоба қабылдаған жағдайда болжамды әлеуметтік-экономикалық және (немесе) құқықтық салдары	Жоқ	
5.	Жобаны іске асыруға байланысты болжамды қаржылық шығындар	Жобаны қабылдау республикалық немесе жергілікті бюджеттер шығыстарынан көбеюі немесе түсімдерінің қысқаруына көзделеді	
6.	Осы мәселе бойынша бұған дейін қабылданған құқықтық актілер және оларды іске асырудың нәтижелері туралы мәліметтер	Жоқ	
7.	Жобаны занамаға сәйкестендіру үшін бұған дейін қабылданған облыс әкімдігі мен әкімнің актілеріне өзгерістер/ толықтырулар енгізу немесе күшін жою туралы ұсыныстар дайындау қажеттілігі	Жоқ	
8.	Нормативтік құқықтық актіні мүдделі мемлекеттік органдармен келісу туралы мәлімет		



www.syrboyi.kz

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

4

№93 (19576)
26 маусым, сейсенбі
2018 жыл

TANYMDYQ KESH

KIELI MEKEN

Биыл белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері И.Әбдікәрімовтің туғанына 95 жыл. Осы орайда оқу орындарында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінде өткен «Ел тарихын тұлғалар жасайды» атты әдеби-танымдық кеш те қайраткер есімін ұлықтауға арналды. Оған Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың ғалым, профессорлары, білім басқармасының мамандары, әріптестері, И.Әбдікәрімовтің туған-туыстары, оқытушылар мен студенттер қатысты.

ЕЛ ТАРИХЫН ТҮЛҒАЛАР ЖАСАЙДЫ



Қонақтар алдымен қоғам қайраткері жайында арнайы дайындалған көрмені тамашалады. Әдеби-кешті колледж директоры Бақыт Кеңбаев ашып, шараның маңыздылығына кеңінен тоқталды. Саналы ғұмырын туған елінің өсіп-өркендеуіне арнаған қоғам қайраткерінің өнегелі өмір жолын жастарға насихаттау басты парыз екенін жеткізді.

Жиында Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың профессоры Қ.Күдайбергенов Исатай Әбдікәрімовтің еңбек жолынан бастап, оның халыққа жақындығын, қарапайым да кішіпейіл қасиеттері жайында әңгімеледі. Ал қарындасы Қалдыгүл Әбдікәрімова шараның жоғары деңгейде өтіп жатқанын айтып, колледж ұжымына алғысын білдірді.

Исатай Әбдікәрімов 1923 жылғы 15 мамырда Жаңақорған ауданының «Өзгент» ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Қызылорда педагогикалық институтын, Қызылорда гидротехникумын, қазақ ауылшаруашылық институтын, КПСС Орталық комитетінің Жоғарғы партия мектебін тәмамдаған. Оқытушы, партия қызметкері, техник-гидротехник, ауыл шаруашылығы мамандықтарын иеленген азамат алғашқы еңбек жолын Жаңақорған аудандық «Екпінді» газетінен бастайды. 1941-1945 жылдары майдан даласында ұрыстарға қатысып, полк командирі болды. Исатай Әбдікәрімов елге оралып, партия жұмысына белсене араласады. Облыстағы Шиелі, Қармақшы, Жалағаш аудандарын басқарып, 1972-1978 жылдары Қызылорда облыстық партия комитетінің І-ші хатшысы, келесі жылы республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болды.

Мемлекет және қоғам қайраткерінің 95 жылдығына арналған кеш колледж өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

«САУЫСҚАНДЫҚТАҒЫ»
СҮЛУЛЫҚ

Бұрындары осындай жұмбақ жерді теледидардан көріп, таң қалушы едім. Енді міне, өз көзіммен көргенде «Талайлар тамсанатын шатқал осы екен-ау» деп айналаға қарап, сүйсіндім. Қайталанбас сәулет өнері – табиғаттың ерекше тартуы. Бйіктікте орналасқан түрлі пішіндегі алып жартастарды төменнен кірпік қақпай қарағанында, басқа бір кеңістікке тап болғандай сезінесің. Ал, жар тастағы суреттер қола дәуіріндегі наным-сенімдерден көрініс береді. Шиелі аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері



СЫҒАНАҚТЫҢ СЫРЫ

Келесі кезекте Қазақ хандығының алғашқы астанасы болған, Жаңақорған ауданындағы Сунақата ауылының батысында 1,5 шақырым қашықтықта орналасқан Сығанаққа ат басын бұрдық. Байқағанымыздай, құм жұтқан қалалардың бірі болып ұзақ жатқан шаһардың топырағы аршылып, алғашқы бет-бейнесі қалпына келтірілген. Бұған дейін облыс басшылығы Сығанақ қаласы орнындағы тарихи ескерткіштерді қайта қалпына келтіруге ықпал етті. Сонымен, тоғыз жолдың торабында жатқан орданың сырлы шежіресіне тоқталып өтсек.

ЖҰМБАҒЫ КӨП ЖАУҒАРЛАР

Бекболат Әбутегінің айтуынша, бүгінде осы құнды мұра ЮНЕСКО-ның ескерткіштер тізіміне ұсынылған.

– «Сауысқандық» шатқалы «Бала Сауысқандық» және «Үлкен Сауысқандық» болып бөлініп, 5 таулы аймақты құрайды. Мұнда тауешкі, арқар, қасқыр сынды аңдар, түйе, жылқы сияқты жануарлар жайлы сюжеттік көрініспен қатар, қару асынған адамдар бейнеленген. Петроглифтердің барлығы әртүрлі сюжеттер мен композицияларға біріккен, сан алуан тұрмыстық діни таным, мифологиялық ой-өрістермен байланысты. Мерзімдік ерекшеліктері ежелгі қола дәуірінен бастап, ортағасырлық қазіргі этнографиялық кезеңдерге дейін созылып жатыр. Демек, қола дәуірі – Еуразия кеңістігін қоныстаған сан алуан халықтардың бейнелеу шығармашылығындағы, әсіресе, жартасқа сурет салу өнерінің шарықтау шегіне жеткен кезеңі деуге негіз бар, – дейді ол.

Қашалып жазылған түрлі иірімді жазуды, ойып салынған адамдар мен жануарлар тұрпатты суреттерді көргенде қайран қалатыныңыз рас. Мұнда ғасырлар



танбасы жатыр. Петроглифтер арқылы ата-бабаларымыз ішкі ой-толғанысын сыртқа шығарған. Бір

қызығы, бұл қазіргі еңгіме арасында біздің бір-бірімізге жолдағытын «смайлдарға» да келетіндей.

«Болса Тәңірім екінші өмір қиғандай, Сығанақта көз жұмарем

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».

ASTANA-20

Астана қаласының 20 жылдығына орай «Burabay Summer Fest» I халықаралық балалар мен жасөспірімдердің телевизиялық фестивалі өтеді. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі қолға алған шара 22 маусым – 3 шілде аралығында Ақмола облысы «Бұрабай» демалыс аймағында ұйымдастырылмақ.

ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ ТАЛАНТТЫЛАРДЫ ТАҢДАЙДЫ

Фестиваль мақсаты – дарынды балаларды, талантты жастарды анықтау және оларды жан-жақты қолдау. Халықаралық мәдени байланыстарды дамыту мен тәжірибе алмасу, отансүйгіштікке тәрбиелеу, еліміздің ұлттық өнері мен тарихына деген қызығушылықты арттыру да көздеген мақсаттың өзегі.

Бұған дейін еліміздің барлық өңірлерінде фестивальдік іріктеу кезеңдері болды. Облыстағы іріктеу турына 10-16 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қатысты. Онда 70-тен астам үміткер вокалдық өнері (дәстүрлі ән, академиялық ән, эстрадалық ән), инструменталдық орындаушылық (дәстүрлі өнер, классикалық өнер, эстрадалық өнер), хореографиялық өнер (халықтық би, классикалық би), көркемдік оқу сияқты 4 номинация бойынша бақ сынасты. Қазылар алқасының шешімімен эстрадалық ән номинациясы бойынша сырдариялық Дулат Әбдікәрім, дәстүрлі ән бағытында Дильназ Ташмұхаммед, көркемдік оқудан Нұрқожа Тілек пен дәстүрлі өнер номинациясы бойынша Мая Жалғасбаева және биден «Өнер» мектебінің «Балбулақ» би ансамблі ақтық сынға жолдама алған еді.

Шараның жеңімпаздары 30 маусым күні анықталады. Үздіктер «Бұрабай» демалыс аймағында екі апталық



дайындық курсынан өтуге мүмкіндік алады. Осы уақыт ішінде қатысушылар танымал өнер шеберлерінің шеберлік сыныптарын тыңдап, жем-бидинг, экскурсия және т.б. ойын-сауықтыру, танымдық іс-шараларға қатысады.

Аталған фестивальдің тала-

концерті 1 шілде күні Астана қаласында өтеді. Біз де өз кезегімізде фестивальда Сыр елінің намысын қорғайтын өнерпаздарға сәттілік тілейміз.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ – ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Кәсіпкерлік – ел экономикасының қарыштап дамуына дем беретін сала. Елімізде түрлі бағдарламалар бойынша жеңілдетілген несиелер тағайындалып, жан-жақты қолдаудың арқасында кәсіпкерлік дамып келеді.

Шағын және орта бизнестің дамуы үшін мемлекет қолдау білдіріп, жұмыссыздықты жою, жалақы мен зейнетақыны уақытылы төлеу, нарықты халыққа қажетті сапалы тауарлармен толтыру, сапалы қызметтер көрсету бойынша тиімді жұмыстар атқарылууда. Осы

саланың дамуынан одан әрі арттыру және әкімшілік кедергілерді мейлінше азайту мақсатында Мемлекет басшысы Н.Назарбаев 2018 жылдың 24 мамырында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Аталған заң осы жылдың 8 маусымынан бастап күшіне

еніп, осы кәсіпкерлікке байланысты көптеген нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы ретте 14 маусым күні техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаментінде Кәсіпкерлік кодекске енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша мәжіліс өткізіліп, талқылау жүргізілді.

Соңғы өзгерістерге сай, мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы қатынастар бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне жүргізілетін тексерулер мейлінше азайтылып, бақылау субъектісіне бару арқылы және бармай профилатикалық бақылау жасау ұғымдары енгізілген. Бұл



мемлекеттік бақылау және қадағалау қорытындылары бойынша кәсіпкерлік субъектісіне әкімшілік шаралар көрілмей, айыппұлдар салынбай, заң бұзушылықтар анықталған жағдайда оны жою туралы нұсқама беру арқылы заңнамалар талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізу мерзімдері қысқартылды. Профилатикалық бақылау жүргізу мерзімі 15 күн, микропро-кәсіпкерлік субъектілеріне 5

және жоспардан тыс тексерулер мерзімі 10 күнге дейін азайтылған. Ал, кейбір тексерулер 5 күннен 4 сағатқа дейін қысқартылған. Сонымен қатар, мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы қатынастар бойынша басқа да маңызды өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Б.ПАШЕНОВ,
техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаменті бас маманы.

«ҚАЗТРАНСГАЗ АЙМАҚ» АҚ ҚЫЗЫЛОРДА ӨНДІРІСТІК ФИЛИАЛЫ АТЫНАН (ИНДЕКС 120003, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, ҚЫЗЫЛОРДА Қ., БЕЙБАРЫС СҮЛТАН К., 1 ҮЙ) АКТИВТЕРДІ (НҚ ЖӘНЕ ТМҚ) ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА ГОЛЛАНД ӘДІСІМЕН АУКЦИОН ӨТКІЗІЛЕТІНІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Сатылатын объектімен танысатын күн және уақыт: 2018ж. 02-03 шілде, сағат 09.00 - 17.00 аралығына белгіленді.

Аукционда өткізілетін активтердің тізімін (НҚ және ТМҚ) электрондық пошта abzhapparova_k@kyzylorda.kiga.kz сайты бойынша беріледі.

Активтің құны сатып алу-сату шартына қол қойылған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 100% мөлшерде төленеді.

Аукционға қатысу үшін лот сомасынан 5 (бес) % мөлшерде кепілдік жарна енгізу қажет. Өтінімдерді қамтамасыз ету 2018 жылғы 05 шілде, сағат 17:00-ге дейін келесі банктік шотқа: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда

өндірістік филиалы, БСН: 020440001144, БИК: HSBKZZKX, ИИК: KZ806010201000027651 «Қазақстан Халық банкі» енгізіледі.

Аукционды өткізу күні және уақыты: 2018 ж. 09 шілде сағ. 10.00-де.

Аукцион өткізілетін орын: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан қ., 1, 414-бөлім, 4-кабат.

Аукционға қатысуға арналған өтінімдер келесі мекенжайда қабылданады: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан қ., 1, 417-бөлім, 4-кабат, 2018 жылғы 05 шілде сағат 17.00-ге дейін.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін ұсыну қажет:

1) еркін нысанда рәсімделген аукционға қатысуға арналған өтінімі;

2) паспорттың немесе жеке басты куәландыратын құжаттың кошірмесі;

3) кепілді жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжаттарының түпнұсқасы және кошірмесі;

4) өкілдің өкілеттілігін куәландыратын құжат (егер қатысушы өзінің өкілі арқылы қатысса).

Заңды тұлғалар жарғының (барлық өзгертулерімен және толықтыруларымен) заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің (болан жағдайда) немесе заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтаманың нотариалды расталған көшірмелерін қосымша береді.

Қосымша ақпаратты келесі телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-17-42, 55-17-44 (ш.т.2833)

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-жұрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген).

Кезекші редактор **Айдана ЖҰМАДИНОВА.**

Меншік иесі

СЫРBOYI.KZ
МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті
жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша
төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» – ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында
қатталып, «Сыр медиа» ЖШС
өз баспаханасында басылады.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне
хабарласуға болады.

Таралымы 30315
Тапсырыс №983

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz